

2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 192 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 наурызда № 20 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 3-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Қ.Нұртайға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Әбдірахымов

Шымкент қаласы әкімдігінің

2019-2020 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Шымкент қаласы әкімдігінің 13.09.2019 № 696 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

№	Мамандық коды	Мамандарды даярлау бағыттары	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі		Бір айда бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
		Мамандық атауы	Орын саны	Оқыту нысаны	
0300000 Медицина, фармацевтика					
1	0301000	Емдеу ісі	25	күндізгі	51625,00
2	0302000	Медбикелік іс	100	күндізгі	51625,00
3	0304000	Стоматология	25	күндізгі	51625,00
4	0305000	Лабораториялық диагностика	25	күндізгі	51625,00
0400000 Өнер және мәдениет					
5	0402000	Дизайн (бейін бойынша)	40	күндізгі	28866,03
6	0404000	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	63	күндізгі	25982,90
7	0405000	Хор дирижеры	14	күндізгі	28866,03
8	0406000	Музыка теориясы	6	күндізгі	28866,03
9	0407000	Ән салу	24	күндізгі	28866,03
10	0408000	Хореография өнері	10	күндізгі	28866,03
11	0412000	Кескіндеу, мүсіндеу және графика (түрлері бойынша)	32	күндізгі	28866,03
12	0413000	Сәндік-қолданбалы өнері және халықтық кәсіпшілік (бейін бойынша)	40	күндізгі	28866,03
0500000 Қызмет көрсету, экономика және басқару					
13	0503000	Слесарлық іс	25	күндізгі	26426,46
14	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	150	күндізгі	28866,03
15	0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (қолдану аясы және салалары бойынша)	25	күндізгі	26426,46
16	0513000	Маркетинг (салалар бойынша)	50	күндізгі	26426,46

0800000 Мұнай- газ және химия өндірісі					
17	0802000	Мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ қоймаларын салу және пайдалану	25	күндізгі	28866,03
0900000 Энергетика					
18	0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	50	күндізгі	28866,03
19	0906000	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	25	күндізгі	28866,03
20	0911000	Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	50	күндізгі	28866,03
1000000 Metallургия және машина жасау					
21	1013000	Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	25	күндізгі	28866,03
1100000 Көлік (салалар бойынша)					
22	1109000	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)	25	күндізгі	28866,03
23	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	125	күндізгі	28866,03
1200000 Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу салалар бойынша)					
24	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	300	күндізгі	28866,03
25	1202000	Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша)	25	күндізгі	28866,03
26	1203000	Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	25	күндізгі	28866,03
27	1206000	Жол қозғалысын ұйымдастыру	25	күндізгі	28866,03
28	1209000	Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)	50	күндізгі	28866,03
29	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	294	күндізгі	28866,03
30	1219000	Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі	50	күндізгі	28866,03
1300000 Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар.					
31	1302000	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	100	күндізгі	26426,46
32	1303000	Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару	25	күндізгі	26426,46
33	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	325	күндізгі	26426,46
34	1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	50	күндізгі	26426,46
35	1306000	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	75	күндізгі	26426,46

1400000 Құрылыс және коммуналдық шаруашылық					
36	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	150	күндізгі	28866,03
37	1402000	Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	100	күндізгі	28866,03
38	1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы	25	күндізгі	28866,03
39	1417000	Азаматтық ғимараттар ішкі көрінісінің дизайны, қалпына келтіру, қайта құру	25	күндізгі	28866,03
40	1418000	Сәулет өнері	25	күндізгі	28866,03
1500000 Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология					
41	1504000	Фермер шаруашылығы (бейін бойынша)	25	күндізгі	26426,46
42	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу (инклюзив)	32	күндізгі	50558,28
Жиынтығы			2705		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК